



Ұлттық валюта - Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі N 1193 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 804 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 12.12.2018 № 804 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңының 3-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық валюта - Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасы бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Металл ақша дизайнының тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 11 қарашадағы N 3745 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 49, 452-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Президенті

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2003 жылғы 25 қыркүйектегі
N 1193 Жарлығымен
бекітілген

Ұлттық валюта - Қазақстан теңгесінің банкноттары мен монеталары дизайнының Тұжырымдамасы

1. Жалпы ережелер

1. Ұлттық валюта - Қазақстан теңгесінің банкноттары мен монеталары дизайнының осы тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ережеге және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Тұжырымдама ұлттық валюта - Қазақстан теңгесінің банкноттары мен монеталарының дизайнын (бұдан әрі - банкноттар мен монеталар дизайны) әзірлеудің негізгі принциптерін айқындайды.

3. Осы Тұжырымдамада пайдаланылатын ұғымдар:

1) инвестициялық монеталар - бағалы металдардан жасалған, инвестициялау, нақты құнынан ерекшеленетін басқа құны бойынша кәде ретінде жинау объектісі болып табылатын монеталар. Инвестициялық монеталар нақты құны бойынша заңды төлем құралы болып табылады;

2) коллекциялық монеталар - оларды жасау кезінде бұл монеталарға коллекциялау, нақты құнынан ерекшеленетін басқа құны бойынша кәде ретінде жинау үшін қызығушылық туғызатын арнайы қасиеттер беретін ақша соғудың күрделі технологиясы және/немесе көркем безендіру әдістері қолданылатын мерекелік, естелік және өзге де арнайы соғылған монеталар. Коллекциялық монеталар нақты құны бойынша заңды төлем құралы болып табылады;

3) тезаврация - бағалы металдарды, монеталарды, банкноттарды олардың құнының өсуін күте отырып кіріс табу немесе болашақта пайда алу емес, жинақтау мақсатында айналыстан алу;

4) айналыстағы монеталар - жай металдар қорытпасынан жасалған, заңды төлем құралы болып табылатын және есеп айырысу мен ақша ұсақтау операциялары кезінде қолма-қол ақша айналысына арналған монеталар.

4. Банкноттар мен монеталар дизайны банкноттар мен монеталарды дайындау кезінде оның дәл қайталану мүмкіндігін қамтамасыз ететін банкноттар мен монеталар дизайнын әзірлеу саласындағы соңғы жетістіктер қолданыла отырып, жасалу сапасының жоғары көркемдік және технологиялық деңгейінде орындалуға тиіс.

5. Банкноттар мен монеталарды жасаған кезде денсаулыққа зияны жоқ материалдар пайдаланылуға тиіс.

6. Банкноттар мен монеталардың дизайнын және олардың номиналдық құнын Осы Тұжырымдаманың негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілейді.

7. Банкноттар мен монеталар дизайнының міндетті элементтері:

1) ұлттық валютадағы номиналдың цифрмен белгіленуі;

2) есеп айырысу, сақтау және номиналын айқындау кезінде ыңғайлы көлемі мен түсі;

3) банкноттарда дизайнның бекітілген жылы және монеталарда оның соғылған жылы;

4) түпнұсқалығын айқындауға мүмкіндік беретін және қолданыстағы қорғау технологияларын қолдана отырып, қолдан жасаудан қорғауды қамтамасыз ететін элементтер болып табылады.

8. Банкноттар мен монеталар дизайны мынадай бейнелердің бірінен және/немесе бірнешеуінен тұруға тиіс:

1) мемлекеттік нышандар;

2) қазақтың ою-өрнегі немесе оның құрамдас бөліктері;

3) Қазақстанның тарихына, мемлекеттілігіне, саясатына, құқығына, экономикасына, ғылымына, біліміне, мәдениетіне, өнеріне, спортына және дамуына үлес қосқан аса көрнекті қайраткерлердің портреттері;

4) Қазақстан аумағындағы бірегей тарихи, географиялық орындардың және сәулет ескерткіштерінің көрінісі немесе олардың үзіктері;

5) мемлекеттік және халықаралық маңызы бар оқиғаларға арналған бейнелер;

6) Қазақстан флорасы мен фаунасының сирек кездесетін түрлері;

7) Қазақстанның тарихына, мемлекеттілігіне, саясатына, құқығына, экономикасына, ғылымына, біліміне, мәдениетіне, өнеріне, спортына, дамуына байланысты өзге де бейнелер.

9. Банкноттар мен монеталарда бейнеленген аса көрнекті қайраткерлердің портреттері қолда бар деректерімен (тегі, аты, әкесінің аты және өмір сүрген жылдары) қоса берілуі тиіс. Аса көрнекті қайраткерлердің мерейтойлық даталарына арналған коллекциялық монеталарда портреттерімен қоса тегі және аты (немесе инициалы), туылған жылы және мерейтой жылы жазылады.

Бірегей географиялық орындардың, сәулет ескерткіштерінің бейнелері, флора мен фаунаның сирек кездесетін үлгілері олардың атауларымен қоса берілуге тиіс. Сәулет ескерткіштерінің бейнелері тұрғызылған жылдарымен (ғасырымен) толықтырылады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2008.06.26 N 624 Жарлығымен.

10. Банкноттар мен монеталарда мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жазулар пайдаланылады.

Шет тілінде ресімделетін басқа елдердің тапсырыстары бойынша дайындалатын коллекциялық монеталарды қоспағанда, коллекциялық және инвестициялық монеталарда жазулардың мәтіні мемлекеттік, сондай-ақ орыс немесе шет тілдерінде ресімделеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2008.06.26 N 624 Жарлығымен.

2. Банкноттар дизайнының ерекшеліктері

11. Банкноттардың дизайны осы Тұжырымдаманың 1-бөліміндегі ережелерге сәйкес болуға тиіс.

12. Банкнот дизайнының бет жағында мынадай мәліметті қамтуға тиіс:

- 1) банкнот номиналының мемлекеттік тілдегі цифрлық және әріптік жазулары ;
- 2) банкнотты қолдан жасағаны үшін жауапкершілік туралы ескертетін мемлекеттік тілдегі жазу;
- 3) банкноттың көлденең және/немесе тігінен жазылған сериялық нөмірі;
- 4) Мемлекеттік тілде "Қазақстан Ұлттық Банкі" деген жазу;
- 5) алынып тасталды - ҚР Президентінің 2008.06.26 N 624 Жарлығымен.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2008.06.26 N 624 Жарлығымен.

13. Банкнот дизайнының сырт жағында мынадай мәлімет болуға тиіс:

- 1) банкнот номиналының орыс тіліндегі цифрлық және әріптік жазулары;
- 2) банкнотты қолдан жасағаны үшін жауапкершілік туралы ескертетін орыс тіліндегі жазу.

13-1. Алып тасталды - ҚР Президентінің 28.01.2016 N 185 Жарлығымен.

14. Естелік және мерекелік банкноттар жалпы мемлекеттік маңыздағы оқиғаларға ғана арнала алады.

3. Монеталар дизайнының ерекшеліктері

15. Монеталар дизайны осы Тұжырымдаманың 1-бөліміндегі ережелерге сәйкес болуға тиіс.

16. Айналыстағы монеталар дизайны бірыңғай дизайнерлік көркемдеу негізінде әзірленеді. Айналыстағы монеталарда номиналы, мемлекеттік нышан, соғылған жылы, "Қазақстан Республикасы" немесе "Қазақстан Ұлттық Банкі" деген жазулар болуы тиіс.

17. Танымдық мақсатта және ұлттық валютаны әйгілеу үшін айналыстағы монеталарда осы Тұжырымдаманың 7-тармағында көрсетілген бейнелерді пайдалануға болады.

18. Коллекциялық және инвестициялық монеталар дизайны осы Тұжырымдаманың 7-тармағында көрсетілген бейнелер пайдаланыла отырып жасалады.

19. Коллекциялық және инвестициялық монеталар дизайнында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Теңге сарайының логотиптерін бейнелеуге және монеталар жасалған қорытпаны немесе металды, олардың салмағын көрсетуге болады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2008.06.26 N 624 Жарлығымен.

19-1. Коллекциялық және инвестициялық монеталардың дизайнында ұлттық валютаны шет елдерде танымал ету мақсатында дүниежүзілік тарихпен,

жалпыәлемдік мәдениетпен, құндылықтармен және игілікпен байланысты бейнелерді пайдалануға жол беріледі.

Ескерту. Тұжырымдама 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 29.01.2014 N 743 Жарлығымен.

20. Монеталардың көлемі мен қалыңдығы мүмкіндігінше шет мемлекеттердің аумағында айналыста жүрген монеталардың көлеміне және қалыңдығына сәйкес келмеуге тиіс.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2008.06.26 N 624 Жарлығымен.

21. Коллекциялық және инвестициялық монеталардың шығарылу тақырыбын, жасалу таралымын, қорытпасын немесе металын, шығарылу мерзімдері мен уақытын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайды.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2008.06.26 N 624 Жарлығымен.

22. Басқа елдердің тапсырысы бойынша металдардан және қорытпалардан жасалатын коллекциялық монеталар соғу туралы шешімді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қабылдайды.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2008.06.26 N 624 Жарлығымен.